



8 НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҰНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Сіздерді 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен ыстық ықыласпен құттықтаймын!

Жылы шырайлы кектемнің алғашқы күндерінің бірінде барша азаматтың кеңілің жадырата келген Халықаралық әйелдер күнімен барлық аналарды, университетіміздің әйелдер ұжымын шын жүректен құттықтаймын.

Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыроймен жетулеріне асыл аналарымыз, ардақты жеңгейлеріміз бен апа-әпке, қарындастарымыздың елшеусіз үлес қосқандығы ақиқат, әлі де қоса беретіні сезсіз.

Отбасының күнбе-күнгі шаруасын, бала тәрбиесін және қоғамдық жұмыстарды қоса атқара жүріп, әйел заты біздің қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді. Баршаңызға мереке құтты болсын! Әрбір шаңыраққа шаттық пен бақыт, отбасының аманшылығын, еліміздің есіп-еркендей беруін тілейміз.

Өмірдегі әйел жаққан шырақ сенбесін!

Әлемдегі барша аналар, сіздер, қоғамды ерлетуде, өмірді мән-мағыналы етуде елеулі еңбек етіп келесіздер. Осы ізгілік істеріңіз ешқашан төмендемесін. Қашанда жүзіңізден нұр ойнап, жанарыңыздан жалын есіп, аман-есен жүріңіздер!

Ректор Кенжеғали КЕНЖЕБАЕВ

ДҮЙІМ ДҮНИЕНІҢ, ЖАЛПАҚ ЖАЛҒАННЫҢ БАР АСЫЛЫН, БАР ҒАЛАМАТЫН СЫЙЛАСАҚ ТА, АНА АЛДЫНДАҒЫ ҚАРЫЗЫМЫЗ ӨТЕЛМЕС. АНА – ЖАНЫМЫЗДЫҢ БІР БӨЛШЕГІ ІСПЕТТІ. ҚИНАЛҒАНДА, ҚУАНҒАНДА ЕСІМІЗГЕ ЕҢ АЛДЫМЕН АБЗАЛ АНА ТҮСЕДІ. АНАДАН ТУҒАН АҚЫНДАР ЕҢ АСЫЛ СӨЗДЕРДІ АНАҒА АРНАҒАН. АҚЫННЫҢ СӨЗІ – ХАЛЫҚТЫҢ СӨЗІ. 8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ҒАЗИЗ АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢ ШУМАҚТАРЫН ОҚИ ОТЫРАЙЫҚ, 8 НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АРДАҚТЫ АНАЛАР!

Ана

Сен бақыттысың!
Жыламағын.
Жай түсіп жатқанда да құламадың.
Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның,
Сондықтан жыламағың, жыламағың!

Бармын ғой,
Тірімін ғой,
Қасыңдамын.
Өлмеймін, мен езіңдей асылданмын!
Таусылып, ез-езіңнен шашылмағың,
Байырғы берекенді қашырмағың!

Мен сенің қанықпын ғой кез жасыңа,
Өзім кепіл тот басып, тозбасыма.
Екі жыр жазсам саған бірін арнап,
«Ана» деп жаздым ылғи сөз басына.

(Тәңірім кеше керсін кесірімді)
Аспанға жазсам сенің есіміңді!!!
Ана!
Сен бақыттысың, тербете бер,
Құба талдан иілген бесігімді...

Мұқағали Мақатаев



Бәрі де, Ана,
Бір езіңнен басталды.
Сен деп жаздым алғаш өлең дастанды.
Қуандым ба,
Өзің бар деп қуандым.
Жыладым ба,
Өзің жоқ деп жас тамды.
Бәрі де, Ана,
Бір езіңнен басталды.
Жанарыңнан кердім алғаш аспанды.
Еркелесем, бір езіңе еркелеп,
Жасқандым ба,
Тек езіңнен жасқандым.
Алғашқы дәм, ол да сендік сүт еді,
Ақ сүт берген қашанда үміт күтеді,
Отанымның езі сенен басталып,
Жауларыма жеткен жерден бітеді.

Қадыр Мырза Әли

Мен жоқта желменен сырласпа,
Жүрегім желді күн жылаған.
Жазбақ боп тумысы жыр басқа,
Жаза алмай жастыққа құлағам.
Айтатын арман кеп әлі де,
Сен жәйлі бұл жырым - бастама.
Бастама сезімнің бәрі де,
Басылар күні ертең баспаға.
Айтатын бір сөзді қиылып:
«Жанымда сен екен жаз қалсын.
О, Ана! Кеудемнің күйін ұқ,
Сол күймен жүректен
маздансын!..»
Сол күймен саналар оянсын,
Толқысын алпақ ай тебемде.
Омырау жаспенен боялсын,
Тіл бітсін қарағай, еменге.
Мен жоқта желменен сырласпа,
Мен саған желсіз де жетемін.
Жазылар кеп әлі жыр басқа,
Тербетер тауымның шетенін.
Мен саған желсіз де жетемін.

Нұрлан Оразалин

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖЕНСКИЙ ДЕНЬ

В 1910 году в Копенгагене состоялась 2-я Международная конференция работающих женщин. Лидер женской группы социал-демократической партии Германии Клара Цеткин выдвинула идею празднования Международного женского дня. Она предложила, чтобы Женский день отмечался ежегодно в каждой стране в один и тот же день. Целью этого праздника Цеткин назвала борьбу женщин за свои права.

Интересно, что идея проведения Международного женского дня впервые возникла именно в начале 20 века, когда промышленно развитый мир переживал период экспансии и потрясений, демографического бума и зарождения радикальных идеологий. Хотя существует мнение, что первый в истории «марш пустых кастрюль» текстильщиц Нью-Йорка, прошедший 8 марта 1857 года, стал одной из предпосылок празднования Международного женского дня.

Официальный статус Международного женского дня этот праздник приобрёл по решению ООН в 1975 году, и с тех пор он отмечается ООН ежегодно как Международный день борьбы за права женщин и международного мира и каждый год посвящён определённой теме. В этот день женщины всех континентов, нередко разделённые национальными границами или этническими, языковыми, культурными, экономическими и политическими различиями, имеют возможность собраться вместе и вспомнить о традиции, которая олицетворяет собой, по крайней мере, несколько десятилетий борьбы за равенство, справедливость, мир и развитие.

Международный женский день — это праздник всех женщин, ставших творцами истории. Неудивительно, что женщины стали первопроходцами во многих областях — вот только некоторые факты, объединяющие женским «первая». Международный женский день — это праздник весны и внимания к женщине, когда представители сильной половины человечества могут еще раз порадовать своих любимых и родных женщин подарками и заботой.

Источник: <http://www.calend.ru/holidays/0/0/18/>





ВСТРЕЧА С ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ ТРУДЯЩИХСЯ

2 марта посетили университет имени К. Жубанова главный специалист по деятельности Трудящихся Бюро МОТ Сергиус Гловацкас и председатель профсоюзного центра Актюбинской области Т.Айжариков.

В ходе встречи гости ознакомились с головным корпусом учебного заведения. Презентацию по университету провел ректор Кенжегали Кенжебаевич.

Гости отметили глубокий интерес и знание молодых людей в национальных обычаях и культуры, в чем они убедились на выставке талантливых работ студентов, выполненных очень умело и искусно. Также визитеры посетили институт Конфуция. Директор института Гульжан Тыныштыкбаевна рассказала об учебном процессе и о том, что институт принимает международный экзамен по китайскому языку HSK. Была также посещена галерея портретов выдающихся личностей Казахской степи.

После экскурсии по университету глава учебного заведения показал макет всех зданий корпусов, спортивных комплексов, бассейна, общежития и территории.

Проректор по воспитательной работе и социально-экономическим вопросам Мухтар Орынбасарович поблагодарил гостей за проявленный интерес к нашему учебному заведению.

В завершение встречи председатель профсоюзного комитета университета Гульнур Зарлыкова рассказала о достижениях университета и профсоюзного комитета.

Динара КУЖАХМЕТОВА

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ҚҰРМЕТТІ,
ЗАЯШ
РЗАФАЗҚЫЗЫ!



Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізді өмірден тоқығаны мол кемел ойлы тұлға деп білеміз. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық парасат сізді зор құрметке бөледі.

Сізге осындай мерейлі күні шын көңілден мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға береке- бірлік, ырыс- ынтымақ, баянды бақыт тілейміз.

Ізгі ниетпен: физика- математика факультетінің профессор-оқытушылар ұжымы

2015-2016 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚЫСҚЫ ЕМТИХАН СЕССИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде 2015-2016 оқу жылының бірінші жарты жылдығында, қысқы емтихан сессиясын ұйымдастыру жұмысы оқу жоспарларына және академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізілді.

Қысқы емтихан сессиясына 7341 студенттің 7283 студенті жіберілді. Бірінші, екінші рейтинг қорытындылары бойынша 14 студент емтихан сессиясына жіберілмеді. Барлық академиялық оқу топтарының саны-450, оның ішінде 304- қазақша, 146 – орысша топтар.

2015-2016 оқу жылында күндізгі бөлімде 7341 студент болса, оның 32,3 %-ы мемлекеттік білім грант иегерлері.

Университет бойынша студенттердің орташа сабаққа қатысымы 88,4 %.

Сапа көрсеткіштер бойынша 2014-2015 оқу жылымен салыстыру жасасақ, сессияны «өте жақсы» мен «жақсы» бағаларға тапсырған студенттер саны 2,3% көтерілді.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда жалпы үлгерім көрсеткіштері шамамен бірдей, ал сапа көрсеткіштері сәйкесінше 2,3% өсу байқалады.

Университет бойынша сапа көрсеткіштері былтырғы жылғы көрсеткіштерден жоғары. Оның себептерінің бірі, оқу бөлімі мен деканаттар тарапынан оқу процесінің жүргізілуін тұрақты түрде қадағалауы, студенттерге электрондық ақпарат кеңестігінің қол жетімділігі және электрондық оқу құралдарының санының артуы.

Университет студенттерінің контингентінің 2,6 пайызын арнаулы кәсіптік білім базасында оқуға түскен студенттер құрайды. Олардың ішінде мемлекеттік білім грантымен оқитын студенттер саны – 50%-ды құрайды. Бұл студенттердің орташа оқу үлгерімі – 99,5 %, оқу сапасы – 83,7 %.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен университет бойынша 20 студент алыс, жақын шетелдерде және республика қалаларында бірінші жартыжылдықта білім алу қызметін пайдаланды. Атап айтсақ, АҚШ (4 студент), Латвия (3 студент), Алматы (10 студент), Астана (3 студент). Осы студенттердің ішінен 5 студент бағдарлама бойынша берілген оқу жоспарларын толық орындай алмай, жазғы семестрге қосымша ақылы негізінде оқуға қалдырылды.

Қысқы емтихан сессиясының нәтижесінде даярлау бағыттары бойынша ең төменгі сапа көрсеткен келесі мамандықтарды айтуға болады: «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалды ұйымдастыру»-41,7%, «Қаржы»-48%, «Мемлекеттік және жергілікті басқару»-48,5%.

Университет оқытушылар құрамы мамандар даярлаудың сапасын арттыру мақсатында төмендегідей жұмыстар жүргізуде:

- Университет кафедраларында емтиханға дайындық кезінде ұйымдастыру шараларын жасап, емтиханнан кейін топтың үлгерім және сапа көрсеткіштерін талдау,
- Студенттердің дайындығын жан-жақты қамту, топ кураторларының студенттермен тығыз байланыс орнату
- Оқу процесінің талапқа сай сапалы ұйымдастыру, яғни, сабақты сапалы жүргізу,
- Студенттердің тәрбие жұмысымен тұрақты айналысу,
- Оларды ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу,
- Пән оқытушыларының (әсіресе факультет аралық пәндер) жауапкершілігін арттыру.

Мамандарды даярлау сапасын арттыру, оқу-тәрбие жұмыстарын сапалы ұйымдастыру профессор-оқытушылар құрамының біліктілігіне тікелей байланысты өкәндігі белгілі. Сондықтан, оларға алдағы уақытта үлкен табыстар мен мол шығармашылық жетістіктер тілейміз.

Абзал МУХТАРОВ, оқу процесін ұйымдастыру басқармасының бастығы

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ



2016 жылдың 26 ақпанында педагогика институтының өлеуметтік педагогика және бастауыш оқыту кафедрасының ұйымдастыруымен білім беру, мәдениет пен толық педагогикалық процесті өлеуметтік қолдау саласындағы өлеуметтік педагогикалық, инновациялық тәжірибені жаңарту, қазақстан ғалымдарының тәжірибелерімен алмасу және практикалық инновацияны тәжірибеге енгізу мақсатында «Қазіргі қоғамдағы өлеуметтік педагогтың миссиясы: мәселелері мен стратегиясы» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық онлайн конференциясы өтті.

Конференция жұмысына Астана қаласындағы «Тұран-Астана» университеті, Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті және Тараз қаласындағы Тараз мемлекеттік педагогикалық институты қатынасты. Конференция барысында қатысушылар өлеуметтік педагогиканың қазіргі заманғы теориялық және практикалық мәселелері бойынша іс-тәжірибелерін ортаға салды.

«Тұран-Астана» университетінің профессоры, п.ғ.д. Қ.М.Нағымжанова «Өлеуметтік педагог іс-әрекетіндегі кіші жас оқушыларының менталды арифме-

тика арқылы креативтігін дамыту» тақырыбында баяндама жасап, өлеуметтік білім беру жағдайында оқушыларды психологиялық қолдауды ұйымдастыра отырып, менталды арифметика арқылы оқушылардың креативтігін дамыту мәселелері туралы өз тәжірибесімен бөлісті. Ал қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, п.ғ.д. С.Н.Жиенбаева «Аксиологиялық тұғыры негізінде балалардың еңбек құндылығын қалыптастыру» тақырыбындағы баяндамасында, қоғамның өлеуметтік-педагогикалық мәселелерін шешудегі балалар еңбегі құндылықтарын қалыптастыру мәселелеріне тоқталды. Конференцияға қатысушылар сұрақтар қойып, оның жауаптары тыңдалды.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті, п.ғ.к. Ф.Ә.Абаева орыс тілінде «Современные подходы к проектированию образовательных программ в вузе» тақырыбында болашақ мамандардың кәсіби өлеуметтік білімдерін қалыптастыру проблемалары туралы сөз қозғады.

Конференция жұмысының ауқымды жұмыс бағыттарының бірі – өлеуметтік-педагогикалық қызметтің

теориялық әдіснамалық және ұйымдастырушылық әдістемелік проблемалары бағытында, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, п.ғ.к. К.Б.Сматова өзінің «Болашақ мұғалімнің кәсіби білімін қалыптастыруда заманауи технологиялардың алатын орны баяндамасында өз пікірін ортаға салды.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, п.ғ.к. З.Н.Кудебаева «Отбасын өлеуметтендіру мәселелері» туралы айта келіп, отбасын өлеуметтік қолдау қоғам тұрақтылығының кепілі екендігін дәлелдеп берді.

Конференция жұмысы өте әсерлі, қызу белсенділікпен өткендіктен уақыттың біраз ұзап кеткендігі де сезілмеді. Онлайн конференциясы Skype ағы-кз платформасында, вебкамера, микрофон, колонкалар пайдаланылып өткізілді.

Университетіміздің ғалымдары доцент, п.ғ.к. С.С.Сейтенова, п.ғ.к. Б.К.Альмурзаева, п.ғ.к. З.У.Адилышинова өлеуметтік педагогиканың қазіргі заманғы теориялық және практикалық мәселелері туралы Қазақстан ғалымдарымен байланысып, тәжірибе алмасты.

Өлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының бірнеше студенттері өздерінің зерттеу жұмыстары мен дипломдық жұмыстарындағы инновациялық тәжірибелері бойынша баяндама жасады.

Конференция қорытындысында резолюция қабылданып, ұсыныстар енгізілді. Болашақта ЖОО аралық INTERNET-арнайы ақпараттық порталында материалдар жариялап, ғылымды дамыту мақсатында ғылыми-практикалық On-line конференциясын жүйелі түрде өткізуді дәстүрге айналдыру және республикамыздың ЖОО-мен бірлесіп, оқу-әдістемелік құралдар шығару туралы ұсыныстар болды.

Гүлдана АДІЛЬКАНОВА, магистр

ДЕНЬ БЛАГОДАРНОСТИ В СТЕНАХ НАШЕГО УНИВЕРСИТЕТА

1 марта в институте экономики и права нашего университета состоялось чествование нового праздника – Дня благодарности. Его юридическим основанием стал Указ №173 от 14 января 2016 г. о внесении дополнений в документ «О профессиональных и иных праздниках в Республике Казахстан», подписанный Президентом Н.А. Назарбаевым.

Организаторами праздника выступили институт экономики и права, деканат в лице Елубаевой Багдагуль Тыныштықбаевны, старшего куратора института, и кафедра Ассамблеи народа Казахстана АРГУ им. К. Жубанова. Праздник собрал полный актовый зал института экономики и права в составе преподавателей, студентов, магистрантов и гостей.



Торжественное мероприятие началось со звучания Государственного гимна Республики Казахстан. Открыл праздник заместитель директора института экономики и права по научной работе, кандидат экономических наук, профессор Жунусов Бауыржан Арыстанович, который озвучил слова приветствия участникам и гостям мероприятия, объяснил значимость Дня благодарности как молодого праздника, а также пожелал собравшимся успехов и здоровья.

Далее собравшимся на интерактивной доске был показан фрагмент художественного фильма «Небо моего детства», основанного на воспоминаниях детских лет нашего Президента. В фильме была представлена картина суровых реалий сталинских репрессий, когда в село Чемолган сотрудники НКВД доставили кавказскую семью без каких-либо средств существования и тем более без предоставления необходимых жилищно-бытовых условий. Особое впечатление произвело воссоздание киноактерами атмосферы гостеприимства и помощи со стороны местных казахских семей того времени.

В ходе мероприятия зам. зав. кафедрой АНК, кандидат философских наук Мацюк Дмитрий Анатольевич представил доклад «История праздника Дня благодарности и особенности его празднования в Казахстане», Ихфанова Разалия, студентка 1 курса специальности «Юриспруденция», выступила с рассказом об исторических условиях появления и развития татарской диаспоры в Казахстане, о тяжелых годах депортации татар в республику в 30-40 гг. прошлого столетия.

Также показали свое творчество студенты Халык Жанаргуль, Жумагулова Сафура, Набиева Аида, Адильбай Айгерим, Тайлаков Бейбарыс. Студенты учатся на первом курсе по специальности «Юриспруденция». Студенты 3 курса этой же специальности представили музыкальный номер с песней «Чито-Грито». Студент 3 курса специальности «Финансы» Артыгалиев Евгений отметил, что праздник 1 марта является важным праздником республики, ознаменовавшим собой начало весны, продвижение в жизнь ценностей межнациональной толерантности, мира и гражданского согласия.

Мероприятие завершилось вручением старшим куратором института активным участникам благодарственных грамот.

Дмитрий МАЦЮК,
кандидат философских наук, научный консультант
кафедры Ассамблеи народа Казахстана



АЛҒЫСҚА ТОЛЫ КҮН

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарлығымен 1 наурыз – Алғыс айту күні болып жарияланған болатын. Нұрын шашқан көктем айының алғашқы күнімен тұспа тұс келетін бұл мерекені еліміз алғаш рет атап өтті. Біздің университетімізде бұл күнге арнап жаратылыстану факультетінің белсенді студенттері акция өткізді.

Бас оқу ғимаратының кіре берісіндегі холлда үлкен үзіліс кезінде, қазақтың ұлттық тамағы бауырсақ студенттерге тегін таратылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, акцияға қатысқан факультеттегі өзге ұлт өкілдері өз ұлттық киімдерінде киініп, сол арқылы қазақ еліне деген өздерінің сүйіспеншіліктерін, ыстық ықыластарын, алғыстарын білдірді дейді.

Шараға қатысып, қазақтың дәмді бауырсағынан ауыз тиген жастар оларға да алғыстарын білдіріп жатты.

Жалғұла АРҒН

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары арасында өткізілетін жыл сайынғы дәстүрлі Республикалық пәндік олимпиада биыл да жалғасын тапты. Алғаш болып біздің университетімізден техникалық факультетінің «Автокөлік және ЖҚҰ» кафедрасы бойынша «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы және «Тасымалдауды, жол қозғалысын ұйымдастыру және көлікті пайдалану» мамандығы бойынша студенттер Алматы қаласында М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясында пән бойынша өткен олимпиадаға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп оралды. Білімпаз студенттерге «Автокөлік және ЖҚҰ» кафедрасының оқытушысы Қайратбек Есбосынов жетекшілік етті.

ОЛИМПИАДАДАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



«Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығының 4 курс студенттері Б.Тлепбаев пен Л.Базарбаева «Көлік техникасын техникалық пайдалану негіздері» пәні бойынша өздерінің білімдерін сынап, Лалагүл Базарбаева қарсыластарынан басымдық танытып, екінші жүлделі орынды иеленді. «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығының 3 курс студенттері Е.Алданов пен А.Айжарықов «Көлік техникаларының энергетикалық қондырғылары» пәні бойынша біліктіліктерін сынап салды. Бұл пәннен Айдос Айжарықов өзінің білімінің жоғары екенін көрсете біліп, үшінші жүлделі орынды жеңіп алды. «Тасымалдауды, жол қозғалысын ұйымдастыру және көлікті пайдалану» мамандығының студенттері Н.Асқарбек, Ш.Джумаханов пен Қ.Әлімбаевтар «Тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» пәні негізінде сайысты.

Бұл жолғы ерекшелік десек болар, Республикалық пәндік олимпиадаға қатысқан барлық студенттер Министрлік тарапынан марапатталды.

Қайратбек ЕСБОСЫНОВ,
техника ғылымдарының магистрі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ САЙЫС ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ



26-27 АҚПАН 2016 ЖЫЛЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ МАМАНДЫҚТАР ТОБЫ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА ӨТТІ. ОҒАН ӨЗДЕРІНІҢ БІЛІМДЕРІН САРАПҚА САЛУ ҮШІН РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ 19 УНИВЕРСИТЕТІНЕН АҒЫЛШЫН, НЕМІС, ФРАНЦУЗ, АРАБ, ПАРСЫ, ҚЫТАЙ, ЖАПОН, КОРЕЙ ТІЛДЕРІ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕР ҚАТЫСТЫ. ОЛИМПИАДАҒА УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІНЕН «АҒЫЛШЫН ФИЛОЛОГИЯСЫ», «АУДАРМА ІСІ» ЖӘНЕ «ШЕТ ТІЛІ, ЕКІ ШЕТ ТІЛІ» МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Олимпиаданың сәтті өтуіне еліміздегі шетелдік елшіліктер өкілдері зор үлестерін қосты, яғни өділқазылар мүшелік етіп, жеңімпаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Аударма ісі мамандығының 4 курс студенті Айжан Нағметова жүлделі III орынды иеленді. Ол олимпиаданың I турында «Экономика» тақырыбында ресми ақпарат тіліндегі мәтінді жазбаша аударса, II турда «Саясат» тақырыбында біржақты ілеспелі ауызша (видео) аударманы жоғарғы көрсеткішпен жасады.

Сондай-ақ, ағылшын филологиясы мамандығының 3 курс студенті Айнұр Айнабекова лексико-грамматикалық тестті орындаудағы жақсы көрсеткіші үшін мадақтау грамотасын иеленді.

Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне республикалық студенттер олимпиадасын ұйымдастыруға белсенді қатысқаны және Қазақстан Республикасында тілдердің дамуына елеулі үлес қосқаны үшін Алғыс хат тапсырылды.

Жанна ӘБДІҒАЛИЕВА,
аударма ісі кафедрасының аға оқытушысы



Шұғылалыкөктемнің алғашқы мерекесі-8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын жүректен құттықтай отырып, шынайы көңілден шыққан ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз.

КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Құрметті Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрметті әйелдер қауымы, қадірлі аналар, аяулы апа-қарындастар сіздерді 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел-Ана өмірдің өзегі, тіршіліктің құре тамыры, тазалықтың қайнары. Еліміздің сән салтанаты мен облысымыздың, университетіміздің мерейінің үстем болуында қашанда нәзік жандардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының қарымды үлесі жатыр. Шуақты көктемнің алғашқы мерекесімен сіздерді құттықтап, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Әркез жүздеріңіз нұрға, жүректеріңіз жырға тола берсін!

Халел КУСАИНОВ,
ректордың өкімшілік-басқару аппаратының басшысы

ДОРОГИЕ ПРЕКРАСНЫЕ КОЛЛЕГИ!



Мы рады, что имеем дело не только с отличными профессионалами, но и настоящими леди, истинными красавицами и мудрыми женщинами. Спасибо вам, что украшаете наш коллектив своим присутствием. Желаем вам оставаться всегда такими же замечательными и восхитительными. Пусть в вашей жизни будет вечная весна, пусть ярко светит солнце, пусть поют птицы, пусть дни будут светлыми и безоблачными. Улыбок, хорошего настроения, радости, счастья!
«Государственно-правовых дисциплин»

Серикгали КОРЫКБАЕВ,
старший преподаватель, к.ю.н.

ТӨЛ МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Барша әйел қауымың, қыздар қауымың, көктемнің төл мерекесі халықаралық әйелдер күнімен шын жүрегіммен құттықтаймын

Тәуелсіз еліміздің көркейіп, өркендеуіне бүгінгі қоғамда қаншама әйел заты ер адамдармен қатар қызмет атқарып, өз ісін абыроймен атқарып келеді.

Қоғамдық жұмыстарды қоса атқара жүріп әйел заты біздің қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді.

Сіздерді бүгінгі төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып денсаулық, сұлулық, бақыт, қуаныш тілеймін! Күндей құлпырып, гүлдей жайнап өміріміздің көркі болып жүре беріңіздер!

Әрбір шаңыраққа шаттық пен бақыт, отбасының аманшылығын, еліміздің өсіп-өркендей беруін тілеймін

Сейтқали КУЛУШЕВ,
экономика және құқық институтының директоры

ҚҰРМЕТТІ АНАЛАР МЕН АРУЛАР!

Шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні ерекше бір шаттықпен тойланатын аяулы аналарымыз, ардақты аруларымыз бен ұлағатты ұстаздарымыз үшін ерекше күн Ана қуанышы, әйел қуанышы – әр үйдің, отбасының, Отанның мерейі. Бірімізге ана, бірімізге жар, бірімізге қарындас, қызымыз болып келетін нәзік жандардың елімізге, қоғамымызға, отбасы-ошақ қасының бірлігі мен тірлігіне жасап отырған қамқорлықтарын айтып жеткізу мүмкін емес.

Кез келген адамның әдептілігі мен жан дүниесінің сұлулығы ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Осы орайда орыстың ұлы жазушысы М.Горькийдің «...Дүниеде не жақсылық болса, соның бәрі ананың ақ сүті мен күннің нұрынан жаралған» деген сөзін еріксіз иланасың.

Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абырой-бәделге жетуіне асыл аналарымыз бен ардақты жеңгелеріміз, әпке-қарындастарымыздың қосып отырған үлесі өлшеусіз. Отбасының күнбе-күнгі шаруасын, бала тәрбиесін және қоғамдық жұмыстарды қоса атқара жүріп әйел заты біздің қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді. «Отбасы-шағын мемлекет» деген сөз бар. Ынтымағы келіскен, түтіні тұзу ұшқан әрбір шаңырақ мемлекеттің құт берекесі. Әйел-Ана. Әйел-Өмір. Әйел-тіршіліктің өзегі. Өмір бесігінде іңге тербетіп, адамзат баласына ұрпақ сыйлар ұлы құдірет иесінің есімі ерқашан қастерлі, сөзі өсиет, тұғыры биік. Алтын құрсағынан адамзаттың алыбы жаратылған асыл ананың жүрегі ұлкен, жүзі мейірімді, қолы қайырымды. Кеңіл шуағына мейірім төгілген аяулы жанның өмірден алар нәсібе жемісі- алтын босағасы мен сүйкімді перзенті болар. Адамзат жүріп өткен небір ауыр жол алмағайып заманның ұрпағын аман-есен бүгінгі күнге жеткізген әйел-ана құдіретін сөзбен айтып тауысу мүмкін емес. Аналар адамды бесігімен баулиды. Өмірдің іргетасы солардың қолымен қаланады. «Жәннат аналардың аяғының астында» деп, қазақ халқы әйелдерді ерекше құрметтейді.

Біздің әйел-аналарымыз, қыздарымыз білім мен ғылым саласындағы қызметтерінде де тамаша еңбек көрсеткіштеріне қол жеткізіп, ел болашағы жастарымызға сапалы әрі терең білім беру мен қатар, қоғамдық, әлеуметтік бағдарламалар саласында да белсенділік танытуда. Соның нәтижесінде көптеген қыз-келіншектеріміз отанымыздың жоғары марапаттарына, ғылыми атақтар мен лауазымдарға ие болып, баршамыздың мақтанышымызға айналды.

Құрметті аналар мен арулар, Сіздерді барша адамзаттың көңілін жадырата келген 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыстар, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бірлік-береке, қызметте өрлеу және махаббат пен әсемдікті тілеймін



Баян БОРАШ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

УВАЖАЕМЫЕ ЖЕНЩИНЫ!

Сердечно поздравляю вас с Международным женским днем!


Среди всех прекрасных качеств, которыми наделил вас бог, с огромным удовольствием отмечаю, что в любое время жизни только вам, милые дамы, присущи такие необходимые нам черты, как неиссякаемый оптимизм, вера в светлое будущее, душевное тепло, жизнестойкость. Потому, милые дамы, я уверен в том, что

Тому, кто может так держаться
И возрождаться вновь и вновь,
Придет и истинное счастье,
И настоящая любовь!

Желаю вам творческих успехов и всех земных благ. Будьте всегда молоды, прекрасны и любимы! Пусть всегда вокруг нас звучит ваш жизнерадостный смех. Только вам посвящается знаменитый сонет Серебряного века Бальмонта:

Твой смех прозвучал серебристый,
Нежней, чем серебряный звон,
Нежнее, чем ландыш душистый,
Когда он в другого влюблен!
Нежнее, чем блеск водоёма,
Где слитное пение струй,
Чем песня, знакомая с детства,
Чем первой любви поцелуй!

Герман ВЛАСКО,
ст. преподаватель кафедры
«Нефтегазовое дело», кандидат
геолого-минералогических наук



Жер бетіндегі жақсылық атаулы аналардың үлкен жүрегімен әрленеді десек, жылына бір тойланатын мерекеде олардың еңбектерін бағалап, сый құрмет керсету парызымыз.



УНИВЕРСИТЕТИМІЗДІҢ ҚҰРМЕТТІ ДЕ НӘЗІК АРУЛАРЫ!



Сіздерді сұлулықтың, әдеміліктің, ақылдылықтың символы болған ана тәңірінің мәртебесін асқақтатқан, қыз елдің көркі дегендей, көріктіде, сүйкімді болуға жаратылған нәзік жандардың 8 наурыз Халықаралық мереке күнімен тарих факультетінің ер азаматтары атынан құттықтаймыз!

Қазақтың салт-дәстүрін берік ұстанып, қазақ қыздарының санасында мәңгі мұра болып қалған ұяңдылықпен адалдықтың мәртебесін жоғары көтеріп, махаббаттың шынайы сезіміне бөленіп, хош иісті көктем гүліндей құлпырып жүре берулеріңізге тілектеспін

Думан САРБАЕВ,
қазақстан тарихы және тарихи пәндер
кафедрасының аға оқытушысы

ПОЗДРАВЛЯЕМ ВАС С ПРЕКРАСНЫМ ЖЕНСКИМ ПРАЗДНИКОМ ВЕСНЫ - ДНЕМ 8 МАРТА!

Вместе с весной к нам приходит праздник 8 Марта, это праздник наших любимых мам, сестер, бабушек. Мы все его, конечно, ждем с нетерпением. Мужчины в этот день готовят букеты цветов, подарки и спешат поздравить своих мам, сестер, любимых, чтобы каждой из них подарить кусочек счастья и радости.

Уважаемые дамы! От чистого сердца хочу вас поздравить с вашим праздником. Желаю вам крепкого здоровья, красоты, счастья, радости! Всегда украшайте нашу жизнь, дарите тепло, доброту и свет в наши сердца, и за это мы всегда будем вас уважать, любить, ценить! Не забывайте, что без вас этот мир пуст!

Акылжан ТЕЛЕУОВ,
к.б.н., доцент



АЯУЛЫ АНАЛАРЫМЫЗДЫҢ, АПА, ҚАРЫНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!



Көк желекті көктеммен бірге қуаныш сыйлай келетін аяулы аналарымыздың, апа, қарындастарымыздың төл мерекесі - 8 наурыз мерекесін бәріміз асыға күтеміз. Ер азаматтар бұл күні гүл сыйлық дайындап, анасының, қарындастарының, сүйіктісінің жүректеріне қуаныш сыйлауға асығады.

Ұлы ақын Гете:

Махаббат – күш, күш жоқ оған тең келер,
Не пайда одан? Деседі кей пенделер.

Бұл махаббат ақша да емес билікте,

Ер жігітке дем береді тірлікте, – деп жырлағандай сұлу арулар қаншама өрлерді үлкен игі істерге ұмтылып шыңдалуына күш жігер берді. Ақ қазіргі қоғамда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Шығыста әйелдер бір қолымен

бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді дейді. Біздің университетіміздің де 80 пайызын әйел қауымы құрайды, олар еліміздің жастарын тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тірек болып, қоғам ісіне білек сыбана кірісіп, қиын қыстау кезде демәу болып жүрген жандар.

Құрметті арулар!

8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Жұмақтағы жібек желден

Мәңгі лаулап тұрған гүлден жаратылған әйел сұлу.

Періштелер ләбізінен, шын махаббат теңізінен жаратылған әйел сұлу, – деп ұлы Мағжан ақын жырлағандай, еліміздің гүлі, заманымыздың үні болыңыздар.

Мергенбай КУРГАМБЕКОВ,
бейнелеу өнері және кәсіптік білім кафедрасының
аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты

БАРШАҢЫЗҒА МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Көктемнің алғашқы күндері барша әйелдер қауымының көңілін жадырата келген 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесімен университет ұжымындағы барлық қыз-келіншектерді шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыройлы елге айналуына асыл аналарымыз, ардақты жеңгелеріміз бен апа-қарындастарымыздың өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат. Әйел заты біздің қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді. Әрқашан мына өмірге сән беріп, жылу таратып, мейірім төгіп, шуақ шашып тұрғандарыңыз үшін сіздер қашанда өздеріңіздің сыйлы, сүйікті, қадірлі екендеріңізді, сіздерсіз мына дүние бос екенін ұмытпаңыздар!

Баршаңызға мереке құтты болсын! Күндей құлпырып, гүлдей жайнап өміріміздің көркі болып жүре беріңіздер! Әрбір шаңыраққа шаттық пен бақыт, отбасының аманшылығын, еліміздің өсіп-өркендей беруін тілеймін!

Абзал МҰХТАРОВ,
оқу процесін ұйымдастыру
басқармасының бастығы

ҚҰРМЕТТІ АРУЛАР!

Әйел – ана. Әйел – сүйікті жар. Көктемнің алғашқы мейрамы 8 наурыз- ақ жаулықты аналар мен қыз-келіншектер күнімен барша әйелдер қауымын, соның ішінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің нәзік жанды азаматшалары-аналарымызды, апаларымызды және қарындастарымызды көктемнің осы бір ең жарқын мерекесімен өз ұжымымың ер азаматтары атынан шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық пен баянды бақыт, қызметте өрлеу және махаббат пен әсемдік, істеріңіздің сәтті болуын, қазақ еліндегі бейбіт пен тыныш өмірдің шырқы бұзылмауын тілейміз!

Әрқашанда шаңырақтарыңыздың береке-бірі болып, жүздеріңізден нұр шашып, көктем гүліндей құлпырып жүре беріңіздер.

Тұрғанбай ЕРМАҒАМБЕТОВ,
ақпараттық технологиялар орталығының
директоры, физика-математика
ғылымдарының кандидаты



ҚЫМБАТТЫ ӘРІПТЕСТЕР МЕН СТУДЕНТ ҚЫЗДАР!

8 наурыз ер азаматтардың назарынан тыс қалмайтын мерекелердің бірі. Осы тамаша көктем мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты. Бұл күн отбасы береке-бірі мен ұйытқысы болып табылатын біздердің аналарымызға, қарындастарымыз бен қыздарымызға жарқын көңіл жақсылық тілейтін күн Сіздер өздеріңіз ізет-тілектеріңізбен, сыйпайлықтарыңызбен өмірді шуақтандырып, жақындарыңызбен шәкірттеріңізге жылу сыйлайсыздар.


Көктемгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, сіздерге шын көңілден зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік, еңбектеріңізге табыс, мәңгі жастық пен сұлулық тілеймін!

Жеткербай ҚАЙДАСОВ,
физика-математика факультеті, іргелі және
қолданбалы математика кафедрасы



АЛҒЫС АЙТУ –ЭТНОСТАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРУ

1 наурыз Президентіміздің «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және езге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Соған орай 1 наурыз – Алғыс айту, ал сәуір айының бірінші жексенбісі – Геолог күні болып жарияланды. Бұл күнді әр азамат әрқалай түсініп жатыр, кейбіреулер Президентіміздің мереке белгілеудегі мақсаты мен саясатын түсінбеуде. Сондай келесіздіктер болмас үшін біз өз тобымызда «Алғыс айту – этностарды байланыстыру» атты ашық тәрбие сағатын өткіздік. Бұл тәрбие сағатымызда, бір-бірімізге жылы сөздерімізді арнап алғыс айтып, студенттер Кубаева Ақзия мен Маймакова Асыл өз шығармаларынан баяндама дайындады. Әрбір топ студенті алғыс алу үшін қандай амалдар жасау керек? Сол алғысты алған соң қандай сезімге бөленетіндері туралы өз ойларын ашық жеткізе отырып, тәрбие сағатының мазмұнын аша түсті. Тәрбие сағатымыздың негізгі бөлімінде алғыс айту күнінің мереке ретінде белгіленуінің себебін аша түстік. Елбасы 2015 жылдың сәуір айында Қазақстан халқы



ассамблеясының XXII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Сталиндік режим кезіндегі әр жылдарда бүтіндей бір халықтар – 800 мыңға жуық нәміс, 102 мың поляк, 550 мың Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері, 18,5 мың Қиыр Шығыстағы корей отбасылары қоныс аударды. Оларды вагондардан ашық далаға әкеліп түсірді. Ол кезде мұнда тек қазақтар ғана тұратын Сондықтан

қабылдаған да солар болды. Сөйтіп, ездері мұқтаждықта емір сүріп жатқан қазақ отбасылары оларды ездерінің саман үйлерінде қабылдады. Біздің отбасымыз да үш баласы бар ерлі-зайыптыларды қабылдады», – деген болатын. Сонымен қатар Президент: «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын Барлық этностардың бір-біріне

және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл Қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді», – деді.

Осылайша, Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және езге де мерекелер қатары толықты. Ашық тәрбие сағатымызға келіп қатысқан ұстазымыз Балзат Саримбаева мен кураторымыз Гүлзия Күкебаева алайымызға алғысымыз шексіз. Ұрпағымыздың ертең қандай адам болып өсетіні – ұстаздарымыздың бүгінгі еңбегінің жемісі болмақ. Ертеңгі мемлекеттің болмысы – ұстаздың бүгінгі төлімінде. Студенттерді тәрбиелеп, білікті маман даярлаудағы, білім нәрімен сусындатудағы, бағыт – бағдар беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін дей отыра, осы алғыс айту мейрамын пайдалана отырып, бүкіл университетіміздегі ұстаздар қауымына алғысымызды білдіреміз.

Әйгерім ҚЫЗЫЛҒҰЛОВА,
жаратылыстану факультеті,
биология мамандығының 3 курс студенті



ОБМЕН НЕСЕТ ПЕРЕМЕНИ

В ФЕВРАЛЕ НА ФАКУЛЬТЕТЕ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ СОСТОЯЛИСЬ ДВЕ ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫЕ ВСТРЕЧИ. НАШ УНИВЕРСИТЕТ ПОСЕТИЛИ ВЫСОКИЕ ГОСТИ: ЧРЕЗВЫЧАЙНЫЙ И ПОЛНОМОЧНЫЙ ПОСОЛ РЕСПУБЛИКИ ИНДОНЕЗИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ГОСПОДИН ФОСТЕР ГУЛТОМ И ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПОСЛА ГЕРМАНИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ГОСПОДИН ДЖОННИ КРАМЕР.

В ходе рабочего визита в Актобинскую область Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Индонезия в Республике Казахстан господин Фостер Гултом и сопровождавшие его сотрудники посольства первый секретарь, глава политико-экономического отдела господин Торанг Пакпахан, третий секретарь, глава общественно-культурного отдела господин Йоси Апризал встретились со студентами и преподавателями факультета иностранных языков.

В корпусе факультета иностранных языков была организо-

вана выставка, где студенты могли ознакомиться с путеводителями по Республике Индонезия, красочными постерами с достопримечательностями и пейзажами живописных островов Индонезии, а также получить экзотические сувениры.

В ходе визита были обсуждены вопросы сотрудничества в академической и научной сфере. Присутствовавшим на встрече студентам и преподавателям был показан фильм об Индонезии, а также проведена презентация стипендиальной программы «Дармасисва».

Дармасисва - это стипендиальная программа без образовательной степени, ежегодно организуется Правительством Республики Индонезия, где проводится изучение языка Индонезии, обучение в сфере искусства, музыки, ремесел и другие отдельные предметы в 54 избранных образовательных учреждениях в разных городах Индонезии. Срок обучения - 1 академический год.

Результатом встречи стали предварительные договоренности о взаимном сотрудничестве в сфере образования.

Двусторонние отношения между Казахстаном и Германией

Такова была тема встречи студентов и преподаватель факультета иностранных языков с заместителем посла Германии в Республике Казахстан господином Джонни Крамером.

Со дня установления дипломатических отношений между Республикой Казахстан и Федеративной Республикой Германии исполнилось более 20 лет. ФРГ была одним из первых государств Европейского Союза, признавших независимость Казахстана. Все эти годы германское направление по праву относится к числу приоритетов внешней политики РК в Европе, так же как и казахстанский вектор является ключевым для Германии в Центральной Азии. Между нашими странами имеется большой потенциал, который необходимо использовать в развитии экономической сферы. Наблюдается динамика развития сотрудничества Казахстана и Германии в области образования и науки. В Казахстане открыты немецкие институты и центры, в Германии в рамках программы «Болашак» обучается большое количество казахстанских студентов. Важным элементом двусторонних отношений являются проживающие в Казахстане 300.000 этнических немцев.

Доклад господина Джонни Крамера вызвал интерес у участников встречи. Студенты и преподаватели имели возможность задать интересующие их вопросы.

Салтанат ИСКИНДИРОВА,
декан факультета иностранных языков



МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

2016 ЖЫЛДЫҢ 23 АҚПАНЫНДА ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІНЕ АЛҒА АУДАНЫНЫҢ ТАРИХ МАМАНДЫҒЫНА ОҚУҒА ТҮСУГЕ ТАЛАПТАНУШЫ 11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ КЕЛДІ.

Аталған мектеп оқушыларымен тарих ғылымдарының кандидаты С.А.Ескалиев, тарих ғылымдарының докторы, профессор Р.А.Бекназаров, тарих ғылымдарының кандидаты Г.Ы.Келенова әңгіме еткізіп, дәрістер оқыды. Оқушыларға археология, тарихи-елкетану мұражайы, тарих кабинеттері көрсетіліп, соңғы жаңашыл технологиялармен оқытылатын, арнайы жабдықталған құрал-жабдықтары бар кабинеттер таныстырылды.

Алға ауданының мектеп бітіруші түлектері кездесу соңында тарих факультеті мамандықтарында оқуға қызығушылық танытты.

Ақжүніс АБДУЛЛИНА,
география кафедрасының оқытушысы

НОВЫЙ ПРАЗДНИК

26 февраля на факультете иностранных языков, по инициативе отдела по работе со студентами и молодежными организациями и студенческого деканата, состоялась встреча со студентами 1-3 курсов специальностей «Английская филология», «Английское отделение» и «Переводческое дело».

Темой встречи был один из двух нововведенных праздников нашей страны – «День Благодарности», который ежегодно будет отмечаться 1 марта. Целью встречи было объяснить студентам причину, собственно сам праздник и какие созидательные цели он преследует. Студенты активно участвовали в обсуждении, задавали и отвечали на вопросы и выразили благодарность Президенту нашей страны за его политику консолидации и дружбы народов Казахстана.

Тойлыбек ТАЛГАТБЕКОВ



Жамбыл Жабаев - 170

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЫРШЫСЫ

ЖАМБЫЛ- ӨМІРІМЕН ДЕ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМЕН ДЕ ЕКИ ҒАСЫРДЫ МОЛЫНАН ТҰТАСТЫРЫП ЖАТҚАН ҰЛЫ ЖЫРАУ. АҚЫННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНА ДЕЙІНГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР АЗ, ӨЛЕҢНЕН АУЫЗ ЖАҒПАҒАН КІСІНІҢ ҰШАН-ТЕҢІЗ ЖЫР-ТОЛҒАУ, АЙТЫСТАРЫ ДА ТҮГЕЛ САҚТАЛМАҒАН. ӘЙТСЕ ДЕ БАЛА ЖАМБЫЛДЫҢ ДҮМШЕ МОЛДАНЫ МЫСҚЫЛДАП ШЫҒАРҒАН "ШАҒЫМ", АҚЫНДЫҚ ЖОЛЫНА РҰҚСАТ СҰРАҒАН "ӘКЕМЕ", "МЕНИҢ ПІРИМ СҮЙІНБАЙ" ДЕГЕН ӨЛЕҢДЕРІ, БОЗБАЛА КЕЗІНІҢ МҰНДЫ ДА ШУАҚТЫ КӨРКЕМ ЖЫРЫ – "АЙКҮМІСПЕН АЙТЫСЫ", СЫЛҚЫМ БОЙЖЕТКЕН КӨМШАТ СҰЛУҒА ШЫҒАРҒАН ҚҰРБЫЛЫҚ НАЗ ӨЛЕҢІ СИЯҚТЫ ДҮНИЕЛЕРІ САҚТАЛҒАН.

Одан бертіндегі Жетісуды, Қаратау, Сыр өңірін өнеріне тәнті еткен, қырғыздың шалқар "Манасын", Шығыстың әйгілі қиссаларын жырлаған ақын мұрасынан бірталайының аты ғана белгілі. "Кедей күйі", "Пұшықтың ұрыға айтқаны", "Әділдік керек халыққа", "Кәрібайдың төбеті", "Жылқышы", "Мәнке болыс" тәрізді тегеурінді де ежет ақындық мінезден, халықтық даналықтан туған өлеңдері, әйгілі Құлмамбет, Сарбас, Нұрмағанбет, т.б. ақындармен айтысы, Өтеген, Сураншы батырлар туралы ұзақ дастандары – даңқты шайырдың төңкеріске дейінгі шығармашылығынан сақталған қомақты мұрасы. Осылардың өзіннен-ақ, Жамбылдың халықтың ақындық қазынасын жете, зерделей меңгеріп, жаңғырта, жаңарта дамытқан, өмір-тіршілік даналығын көкірегіне тоқыған, елдің арғы-бергі тарихын әділдік, шындық сөзін өшкімнен де тайсалмай айтатын, өлеңі тау өзеніндей тасқынды үлкен дарын иесі екенін танымыз.

Болашақ ақын 1846 жылы ақпан айында қазіргі Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының бөктерінде дүниеге келген Ол жайында ақынның өзі "Менің өмірім" – деген өлеңінде:

Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үрей — көк найзалы жау торыған.
Байғара, Жамбыл Ханда мен туыппын,
Жамбыл деп қойылыпты атым содан, – дейді. Әкесі Жапа кедей болғанмен, ат үстіне мығым, найзагер кісі екен Ел ішінің дау-дамайына бітімгерлік сөзін айтқан кездері де



болыпты. Шешесі Ұлдан мінезі байсалды, абысын-ажын арасында беделді, орайы келгенде өз жанынан қиыстырып өлең шығара беретін әдемі дауысты әнші екен. Жамбылдың аталарынан әріректе өнерпаз, сері, палуандар, ділмар шешендер шыққан. Ал оның руы – Екөйлер туралы айтылатын ел ішіндегі: Екөйде елу бақсы, сексен ақын, Жаратып мінеді екен ерттеп атын. Қобызы, домбырасы үнін қосып, Гулейді жың қаққандай көшке жақың – деген әзіл сөзде мол шындық бар. Жамбылдың ұстазы – әйгілі Сүйінбай ақын да осы Екөй елінен шыққан. Әрідегі Дулат, Сүйінбай, берідегі ұлы Абай сияқты, Жамбыл да өз кезінің билік басындағыларының халық қамын ойламайтынын, әділетсіздігін, парақорлығын, екіжүзділігін әшкерелеп, көптің алдында беттеріне басады. Мұндай өлеңдерінің тілі уытты, мысқыл сатираға толы болып келеді. Мұндайда ақын талантының сыншылдық қыры ерекше күшті сипаттарымен көрінеді. Жамбылдың "Сәт сайланарда", "Шалтабайға", "Мәнке туралы", "Қалиға" сияқты өлеңдері – сондай шығармалар. Жамбыл дәлел факт келтіріп жатпайды. Мұнысымен қиянатшылдық билік басына келгендерге ортақ сипат, даусыз шындық

екенін білдіреді. Ал Қали байға: Сойылыңды соғып тұр, Болысың мен орысың, – деуінде көп мағына, үлкен шындық бар. Отаршылдар мен атқа мінерлер ауыз жаласып, екі жағы пара үшін байдың сөзін сөйлеп, сойлы-сын соғады дегенге меңзейді. Ұлық пен төрелік, бай-болыстың халыққа көрсетіп отырған зәбірін Жамбыл "Әділдік керек халыққа" деген өлеңінде кеңінен айтады. Жамбылдың жастық шағының мұнды да шуақты сырына толы ақындық өнерін танытатын сұлу жыры – Айкүміспен айтысы. Жамбыл Айкүміске "әуелден-ақ, болдың ойда", "құмары басылмаған албырт өдім" – дей отырып, өзінің жүрек сырын, іңкәр көңілін астарлап жеткізеді. "Жасшылық ұрындырды талай жарға" – деп, екіншінен де хабардар ете сөйлейді. Жігіттің арманға, сұлу сезімге бөлеп айтқан сөзіне қыз да: Асылға арсыдағы қол жетпей ме, Ақылмен қимылдасаң аспай-саспай, – деп, Жамбылға жөн, жол сілтей сөйлейді әрі өзінің де ішкі, жүрек төрелінде жатқан асыл сырынан хабар бергендей қалып танытады. Айтыс үстінде Жамбыл бойжеткен қыз тағдырының ауырлығын, бағы ашылмаса, бір жаманға қор болып кете барарын айта келіп:

Сол үшін жатсам, тұрсам арманым көп,
Жем болып кете ме деп жамандарға, –дегенде, Айкүміс, айтыс салтына орай, әріптесіне тиісе сөйләйді: Жамбыл-ау, күпсінесің неге сонша, Құтқарып қыз біткенді қалған жанша. Қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың, Тұтқасы дүниенің сенде болса?! Айкүмістің "қолдағы қаршыға" – деп отырғаны Жамбылдың сүйген, ғашық болған құрбысы – Бұрым сұлу. Бұрыммен Жамбыл бір тойда танысып, айтысады. Бұрым өте сұлулығының үстіне тамаша әнші де, ақын да екен. Екеуі бұдан кейін де талай кездесіп, айтыса жүріп, бірін-бірі шын сүйіп, ғашық болады. Бұрым өзін айттырып қойған жаққа ұзатылатын күн тақағанда, Жамбылға білдіреді, Жамбыл қызды алып қашып, ағайындарына барып паналайды. Бірақ, екі ел арасы бұзылатын болған соң, Жамбылды өзіне жақын ұстайтын елдің беделді басшысы – Сарыбай болыс ақынды зорлап көндіріп, Бұрымды әкесінің үйіне қайтарады. Айкүміс "қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың?" дегенде, осы жағдайды меңзеп отыр. Бірақ, бұл үшін Айкүміс Жамбылды табаламайды, кінәламайды, "тұтқасы дүниенің" Жамбылдың қолында еместігін, жастардың теңіне, сүйгеніне қосыла алмайтын еріксіздігін айтады. Жамбылға: "Дітінді білтелмей, білдіре айтшы", – деп қалжыңдайды. Жамбыл мен Айкүмістің бұл айтысын екі ақынның салғыласқан нағыз айтысы деуге болмайды. Сол себепті профессор М.Жолдасбеков: "Тіптен Жамбыл мен Айкүміс айтысқаннан гөрі, сырласқанға көбірек ұқсайды. Сондықтан да айтыста драмадан гөрі, лирикалық сыр басым", – дейді. Жамбыл айтыстарынан оның қиыннан қиыстырып сөз табатын, үлкен қоғамдық мәселелер көтеретін, халық мүддесіне табан тіреген хас шеберлігі сезіледі. Ол айтыстардың әрқайсысы табанда сөз тапқыштық, халықтың көңіліндегі арман, мұратты тауып айтқыштық сияқты сипаттарымен ерекшеленеді. Ақынның отты жырларындағы Отанға деген махаббат жүректерге жылу сыйлап, мәңгі сүйіспеншілікке бөлейді. Болашақ ұрпақ алдында да қолына домбыра ұстаған ұлы жыраудың даналық бейнесі мәңгі өшпейтіні анық.

Интернет бетінен алынды

ӘЙЕЛ-АНА, ӘЙЕЛ-ЖАР, ӘЙЕЛ - АРУ



ТАБИҒАТҚА ЖАН БІТІРІП, ҚАРА ЖЕРДІ БАЛҚЫТАТЫН КӨКТЕМНІҢ АЛҒАШҚЫ АПТАСЫНДА АСЫЛ АНА, АДАЛ ЖАР, АРУ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ МЕРЕКЕСІ АТАП ӨТІЛЕРІ КЕЗДЕЙСОҚТЫҚ ЕМЕС, ӨЗАРА ҮНДЕСТІК ТАПҚАНЫ ТАНҒАЛДЫРАДЫ.ОТБАСЫНАН ОТАНЫМЫЗҒА ДЕЙІН ЖҰМЫЛА АТАП ӨТЕТІН ОСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕРЕКЕГЕ ӘР ҰЖЫМ ӨЗІНШЕ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСАДЫ.

Мереке қарсаңында университетімізде шуақты шара өтті. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 50 жылдығына және Халықаралық әйелдер күні 8 наурыз мерекесіне арналған бұл мерекелік шараны «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу зертханасы мен университеттің «Қыз парасаты» интеллектуалдық-эстетикалық клубы ұйымдастырды.

Конференцияда «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасының білім беру үздігі, Елордалық «Астана» журналының лауреаты Болат Баймұханов «Профессор Құдайберген Жұбановтың ғылыми және көркем-әдеби шығармаларындағы гендерлік лингвистика мәселелері», Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ССР оқу-ағарту ісінің үздігі, «Қыз парасаты» интеллектуалдық-эстетикалық клубының жетекшісі Жәния Нұржанова «Қыздарға ұлттық рухани тәрбие беру жолдары мен әдістері» тақырыптарында

баяндамалар жасады. Қазанғап атындағы өнер мектебінің директоры Сәния Аймағанбетова өнер өрісіндегі қазақ қыздары туралы әңгімелесе, мектептің түлектері өнерлерін көрсетті. Халықаралық конкурстардың лауреаты, облыстық филармонияның әншісі Гүлсім Юсупова жиналғандарды құттықтап, әннен шашу шашты. Конференция аясында әйелдер мерекесіне арналған дөңгелек үстел отырысы өтті. Оның жұмысына медицина ғылымдарының докторы Ақмарал Жұмалина, дәрігер Эльмира Тұржанова, ақын Гүлімай Қуанышева, «Әйелдерді қолдау Орталығы» ҚБ қызметкері Светлана Сариева, 23-ші мектеп-гимназиясының директоры Гүлнара Нарымбетова, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті, шетел филологиясы факультетінің деканы Салтанат Искиндинова және басқалары қатысты.

Мерекелік шараның бағдарына сай ән-күй мен биден көңделік болған жоқ. Бума- бума гүл шоқтары өз иелерін тапты.

Өз тілшіміз



АНА - ТІРШІЛІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ



8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күні! Көктемнің алғашқы мерекесі ананың аялы алақанындай жүректерге жылулық ұялатады. Адамзат пен күллі тіршіліктің нәзік жандарына арналған мереке табиғаттың оянуымен бірге келіп отыр.

Ана – тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні, мейірімнің көрсеткіші, аялы алақанындай жүректерге жылулық ұялатады. Адамзат пен күллі тіршіліктің нәзік жандарына арналған мереке табиғаттың оянуымен бірге келіп отыр.

Аяулы ақ жүректі аналар, ақ пейілді апалар, нәзік жанды қарындастар! Сіздерді 8 наурыз әйелдердің ұлы мерекесімен құттықтаймыз, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға береке-бірлік, жас ұрпақты тәрбиелеп біліммен сусындайтып жүрген еңбектеріңізге жетістік тілейміз! Қазақстанымыз керкейе берсін!

Бас иіп табиғаттың ізгі арына, Әсемдіктің көз салдық біз бағына. Қазақтың ән өнері, жыр өнері, Қарыздар ғой алдымен Аналарға.

Жыр дегенің сезімтал тамшы ғана, Сол тамшыда жатады ар-шұғыла. Болмаса Ана жақсы жыр жазыла ма, Болмаса олар әдемі ән шыға ма?

Анасыздар, әр үйге панасыздар, Бала десе от болып жанасыздар. Сәтті басса ұрпағың – мерей тасып, Шаттанып бір нұрланып қаласыздар.

Анасыздар кең байтақ даласыздар, Жаны жайсаң жеңімпаз данасыздар. Көлеңке жоқ көңіліңде, қылауы жоқ, Үлбіреген жауқазын баласыздар.

Сіздер – күнсіз, аспанда жарқыраған, Сіздер – теңіз, тау суы сарқыраған. Сіздер – Ана, сіздер – жар, сіздер – қыздар, Сіздер – жаңбыр, ақ нәсер сарқыраған

Біз сіздерсіз тіршілік ете алмаймыз, Дегенге де сіздерсіз жете алмаймыз. Айнала ұшып сіздерді, көбелек боп, Өртеніп қастарыңнан кете алмаймыз.

Мың алғыс, миллион алғыс Аналарға! Аты да, өзі де ұлы тұрар алда. Отанмен туған жермен теңесесің, Нәр алған аналардан, даналар да.

Бақыттың, қуаныштың көзіңіздер, Ізгілік, ілтипаттың өзіңіздер. Қақ жарған қара қылды әділ бидей, Сабырға да, ақылға жеткіңіздер,

Сендерге қарап ап, біз бой түзейміз, Сендерге қарап ап, біз ой түзейміз, Сендерше жақсылықты құп аламыз, Сендерше қайсарлыққа ұмтыламыз.

Игі тілекпен: техникалық факультетінің ер азаматтар ұжымы



ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!

Сіздерді 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Халқымыз әрқашан нәзік жанды әйел затын қастерлеп, шаңырақтың ұйытқысына, ырыс пен ынтымақтың алтын діңгегіне бағалаған.

Осынау көктемнің алғашқы шуақты күндерімен бірге келіп жеткен қасиетті мереке құтты болсын!

Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, жемісті еңбек және шығармашылық табыс тілей отыра, өміріңіз көктем күніндей шуақты болсын.

Көңілдеріңіз көктем нұрындай нұрындай жадыраңқы болсын деп тілейміз!

Кәсіподақ ұйымы



"ЖҮРСІННІҢ ЖҮЙРІГІ" - ҚАЙНАР АЛАГӨЗОВ



Ақпан айының 25 күні республикалық деңгейдегі айтыскер ақын, "Жүрсіннің жүйрігі" атанған Қайнар Алагөзовпен университетіміздің филология факультетінің оқытушылары мен студенттері кездесті. Факультеттің жастар ісі жөніндегі комитеті және "Ғибрат" ғылыми - филологиялық бірлестігінің мүшесі ұйымдастырған бұл шара ете жоғары деңгейде өтті.

Қазіргі таңда қазақ эстрадасында хитке айналған бірнеше әндердің, сондай-ақ, сөзінің авторы Қайнар ақынмен өткен кездесуге жастар қызығушылық танытып, кешке жастар көп жиналды. Оның өнеріне тәнті олар жас ақынға бірнеше жерден сұрақтар қойып, оның әңгімелерін сүйсіне тыңдады. Жас таланттардың жолын ашуға көмек берсең деген ұсыныстарда айтылды. Оған ақын өнерді жаны сүйетін, жалындап өсіп келе жатқан талапты жасқа қол ұшын созуға әркез дайын екенін жеткізді. Кездесу барысында жиналғандардың сұрауы бойынша Қайнар өзінің шығарған өлеңдерін оқып беріп, көпшіліктің ризашылығына бөленді.

«Осындай өнерді бағалай алатын ортамен, жастармен кездесіп отырғаныма қуаныштымын», - деген Қайнар ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп өтті. Кездесу соңында факультетіміздің оқытушылары Қайнарға "Сөз-сандық" деген тамаша кітапты сыйға тарту етті.

Республикалық деңгейде ұлттық өнерімізді дәріптеп, төл өнерімізді облыс атынан абыроймен қорғап жүрген, жергілікті айтыс-кер ақын Қайнар Алагөзовпен өткен бұл кездесу жиналғандарды ерекше әсерге бөледі.

Әбілқайыр ТІЛЕУЖАН,
филология факультетінің 1 курс студенті

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ БОЛАШАҚҚА



Университетіміздің жаратылыстану факультетінің ұйымдастыруымен «Бейбіт атом – бейбітшілік мақсатында» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Оған «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалыс Батыс Қазақстан аймағы филиалының директоры И.А.Кобенов, халықаралық байланыстар және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор А.У.Бекбауова, тәрбие жұмысы және өлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор М.О.Миров, сондай-ақ, факультет оқытушылары мен студенттері қатысты.

Жиын барысында «Невада-Семей» халықаралық антиядролық

қозғалысының өкілі И.Кобенов «XXI ғасыр – ядролық қарусыз ғасыр» тақырыбында баяндама жасап, ядролық қарудың зардаптарына көңінен тоқталып өтті. Медицина ғылымдарының кандидаты, доцент К.М.Кибатаев Семей полигонын жабу туралы Президент Н.Назарбаевтың жарлығының маңыздылығын тілге тиек етсе, «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының жастар қанаты филиалының жетекшісі Ә.Е.Габдулла Ақтөбе қаласының экологиялық жағдайын қалай жақсарту керек деген мәселені көтерді.

Болашақ осы экология саласында қызмет атқаратын студенттер үшін бұл басқосудың маңыздылығы зор болды. Жастар арасынан да биология мамандығының 1 курс студенті А.Байтілеу «Жастар ел болашағы үшін» деген баяндамасын жасаса, экология мамандығының 2 курс студенті Ж.Ғұбайдоллина «Жаһандық маңызы зор шешім» тақырыбында сөз қозғады.

Бұл дөңгелек үстелде елдің, туған жердің экологиялық мәселесіне ешкімде бей-жай қарамайтындығын аңғартты. Жиын соңында орындалған «Заман-ай» өні көңілдерді құлазытқанмен, жастардың жігерге толы көзқарастарынан ел болашағына деген сенімділікті, кейбір көлеңсіз жайлармен күресіп, мәселенің шешімін табуға деген құлшынысты анық байқауға болады.

Жадыра АРЕН

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г куәлігі берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Газет тілшісі Арен Ж.С.
Газет корреспонденті Бекбаганбетов О.
Газет маманы Жалғасбаева М.Ж.
Газет корректорлары Адилханова С., Трофимова Г.
Фотокорреспондент Арен Ж.С.
Меншік иесі: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис» баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9 «К» басылады.
Тел.: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №31 Таралымы 3000

Біздің мекен-жайымыз: 030000, Ақтөбе қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі 34 ұй. 2-қабат, 200 ° белме. Келемі 2 баспа табақ. Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп түскен қолжазбалар мен фотосуреттер қайтарылмайды.